

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қызметті лицензиялау мәселелері

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы N 136 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын орнату, монтаждау, жөндеу және пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.03. N 318 қаулысымен.

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген лицензиялауға жататын қызметтің түрлеріне лицензиялар беруге өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың (лицензиарлардың) тізбесінде:

реттік нөмірі 10-жолдағы 3-баған "жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын орнату, монтаждау, жөндеу және пайдалану" деген сөздермен толықтырылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 25 қаңтардағы

N 136 қаулысымен бекітілген

**Жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын орнату,
монтаждау, жөндеу және пайдалану жөніндегі қызметті
жүзеге асыруға лицензиялар беру**

ЕРЕЖЕСІ

Ескерту. Ереженің күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.03. N 318
қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК